

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне арналған
«Мемлекеттік рәміздер – киелі құндылығымыз»
республикалық үздік музейлік сабақ байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Аталмыш ереже «Мемлекеттік рәміздер – киелі құндылығымыз» республикалық үздік музейлік сабақ конкурсын (әрі қарай – Конкурс) өткізу тәртібін, ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді, Конкурсқа қатысу тәртібі мен жеңімпаздары мен қатысушыларын анықтайды.

2. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» мен «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» мемлекеттік мекемесі бірлесіп өткізеді.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Байқаудың мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін қастерлеу және патриоттық сезімін қалыптастыру.

Байқаудың міндеттері:

1. Музей педагогикасы саласындағы озық технологияларды анықтау және қолдану, музейлік білім беру саласындағы инновациялық тәжірибелермен алмасуға ықпал ету.

2. Музей педагогы мамандығының мәртебесін көтеру, шығармашыл мұғалімдерге қолдау көрсету.

3. Музейлік білім беру саласындағы әріптестікке, білім мен мәдениеттің кірігуіне ықпал ету.

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР КӨРСЕТУІ ҚАЖЕТ

1. Музей педагогикасы саласындағы әдістемелік жұмыс дағдысы мен оны өзінің кәсіби қызметінде пайдалана білу әрекетін.

2. Оқушылармен музейлік құндылықтарды меңгеру үрдісін тиімді ұйымдастыра білу және музейге жиі келу мен музейлік коммуникацияға қосылудың қажеттілік деңгейіне жеткізетін қызығушылықты дамыту іскерлігі.

3. Әділқазылар алқасының мүшелеріне шараға өзіндік талдау жасау білігін.

4. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Байқауға:

1. Сабақ сценарийін немесе сыныптан тыс іс-шараны ұсынуға болады.

Байқауға ұсынылған жұмыстың қосымшасында болуы қажет:

1. Зерттеу тақырыбы бойынша музейтанулық материал.

2. Ұсынылған байқау жұмысында қолданылған оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық технологиясын пайдаланудың интерактивті әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы.

3. Аталған сабақта сыныптан тыс іс-шараларда оқушылардың шығармашылық қызметінің ұйымдастырылуын сипаттау.

4. Қазіргі заманғы сабақ талабына сай сабақтың сыныптан тыс іс-шараның тиімділігін талдау.

5. Пайдаланылған әдебиет.

5. МУЗЕЙЛІК БІЛІМ БЕРУ САБАҒЫН БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

1. Конкурсант ұсынған жұмыстың мазмұнында оқушы жастардың бойында құндылық бағдарын қалыптастыруға бағытталуы.

2. Музейлік-педагогикалық процеске Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының Музейі немесе өз қаласында, мектебінде орналасқан музей экспозициясының материалдарын енгізу.

3. Орындау кәсібилігі.

4. Қазіргі заманғы музейлік білім беру сабағы, сыныптан тыс іс-шаралардың негізгі талаптарға сай келуі.

5. Оқушылармен жұмыс барысында пәндік, музейлік және өлкетану әлеуетінің енгізілу деңгейі.

6. Қазіргі заманғы музейлік-педагогикалық технологияны қолдануы.

7. Рәсімдеу деңгейі, бірегейлігі.

8. Сабақ өткізудегі педагогикалық шеберлік пен кәсібилік.

6. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

I кезең: байқау жұмыстарын электронды түрде **cmp_museum@mail.ru** электронды поштасына **2022 жылдың 1 наурыздан 30 сәуірге дейін** қатысу туралы өтініш пен байқау жұмыстарын жіберу қажет (*1, 2-қосымшаларды қараңыз.*)

II кезең: **2022 жылдың 20 мамырына** дейін жұмыстарды тексеру, орындарды анықтау, қажет болған жағдайда жеңімпаздардың байқау жұмыстарын онлайн форматта көрсету, марапаттау.

7. БАЙҚАУДЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

- Мектепке дейінгі білім беру, орта және кәсіптік білім беру, қосымша білім беру, балалар және жастардың қоғамдық ұйымдары мен жеткіншектер клубының педагогтары; республиканың жоғары оқу орындарының педагогика факультеттерінің студенттері;

- Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын белсенді түрде пайдалану негізінде өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде музей педагогикасын жаңа технология деп білетіндер.

8. САРАПТАМА ЖАСАУ ЖӘНЕ БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- Сараптама жұмысы әділқазылар алқасы бекіткен орындар және номинациялар бойынша жүргізіледі.
- Ұйымдастырушылар комитетінің Байқаудың тақырыптарына немесе ұсынылған талаптарға сай келмейтін материалдарды қабылдамауға құқығы бар.
- Ұсынылған материалдарға пікір берілмейді және қайтарылмайды.

9. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

1. Барлық қатысушыларға қатысқаны туралы сертификат беріледі.
2. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары www.presidentlibrary.kz сайтында **2022 жылғы 8 маусымда** орналастырылады.
3. Байқаудың қорытындысы Конкурстың жеңімпаздарына (II кезеңнің қорытындысы бойынша бас жүлде, I, II, III орын және номинация иегерлері) диплом және сыйлықтар тапсырылады.
4. Конкурстың қорытындысы туралы материал Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының сайтында жарияланады.

1-қосымша

Конкурстық жұмыстарды рәсімдеу тәртібі

Баспаға ұсыну үшін сабақтың /сыныптан тыс іс-шараның сценарийі білім беру ұйымы басшысының қолы және мөрімен расталуы тиіс.

Мәтін Word редакторында рәсімделеді; шрифті Times New Roman (орыс тіліндегі мәтін үшін) немесе KZ Times New Roman (қазақ тіліндегі мәтін үшін); кегль 12; аралық өлшем-1,0; жоғарғы жағы-1, төменгі-1, сол жағы-2, оң жағы-1.

- сабақтың авторы туралы мәлімет: толық аты-жөні, жұмыс орны, қызметі;
- сабақтың /сыныптан тыс шараның атауы (әрі қарай - Сабақ);
- сыныбы;
- сабақтың мақсаты;
- сабақтың міндеттері;
- сабақтың түрі;
- оқыту әдістері;
- көрнекі құралдар (музей құндылықтарын көрсету);
- құрал-жабдық;
- сабақтың жоспары;
- сабақтың барысы;
- қосымша;
- пайдаланылған әдебиет.

Ескерту:

1. Сценарийде сабақ барысында қолданылған слайд және бейнетаспа көрсетіліп отыруы керек.

Рәсімдеу үлгісі:

- **1-слайд.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері (фото).
- **2-слайд.** Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1-тарау. 9-бап.
- «Тәуелсіздік толғауы» бейнетаспадан үзінді көру.

2. Сабақ барысында қолданылған өлең авторының аты-жөні мен еңбегінің атауы міндетті түрде көрсетілуі қажет.

Рәсімдеу үлгісі:

Бұлтсыз ашық аспанымдай көк туым,
Ту төрінен елге нұрын төкті күн.
Ту төбемде қалықтады қырандай,
Қуанбаған бір де қазақ жоқ бүгін.

Оразақын Асқар «Өз туым».

**«Мемлекеттік рәміздер – киелі құндылығымыз»
республикалық үздік музейлік сабақ конкурсына қатысуға
ӨТІНІШ**

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Туған жылы	
Қаласы	
Жұмыс орны	
Мамандығы	
Қызметі	
Ғылыми атағы	
Санаты	
Еңбек өтілі	
Сабақ, сабақтан тыс іс-шара	
Телефон	
E-mail	

Барлық тілек білдірушілерді қатысуға шақырамыз!

Ұйымдастырушының мекен-жайы

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Бөкейхан көшесі, 1 А

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының
Кітапханасы» ММ

Байқау туралы барлық ақпарат www.presidentlibrary.kz. сайтында
орналастырылады.

Байқау үйлестірушісі: **Оспанова Әсия Әділқызы**
Қосымша ақпаратты келесі телефондар арқылы алуға болады: 8 (7172) 69-
30-61, +77013056112